



**БҰЙРЫҚ**

*25.01.2024 ж.*

Алматы қаласы

**ПРИКАЗ**

№ *07-10/10.*

город Алматы

**«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне  
ішкі талдау жүргізу туралы»**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызмет туралы үлгі ереженің 13-тармағының 5-тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ғ.Мүсірепов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмысын жүргізу басталсын.

2. Талдау бағытын «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы тұру» деп анықталсын.

3. Осы бұйрыққа № 1 қосымшаға сәйкес талдау жүргізу жөніндегі жұмыс жоспары бекітілсін.

4. Осы бұйрыққа № 2 қосымшаға сәйкес талдау жүргізу үшін жұмыс тобы құрылсын.

5. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары талдау жүргізу үшін ақпаратты уақтылы және сенімді қамтамасыз етуі тиіс.

6. Өндірістік талдау жыл кезеңі 2024 жыл деп анықталсын.

7. Барлық құрылымдық бөлімшелердің басшылары осы бұйрықпен таныстырылсын.

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың орынбасары Ұ.Ә.Нүсіпәліге тапсырамын.

9. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізілсін.

Директор

Т. Есеналиев

«Ғ. Мүсірепов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры» РМҚК -ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар бойынша 2024 жылға арналған  
**ЖОСПАРЫ**

№	Іс-шаралар атауы	Орындау мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	Кәсіпорынның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша жұмыс тобын құру	қаңтар	Қажымұқан Д.Қ.
2	<b>teatr-musrepov.kz</b> итернет-ресурсында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша арнайы бөлімнің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және осы жұмысқа байланысты құжаттарды <b>teatr-musrepov.kz</b> интернет-ресурсында жариялау	Ағымды жыл ішінде	Қажымұқан Д.Қ. Налибаев Ф
3	Кәсіпорындарға жұмысқа орналасуы кезінде сыбайлас жемқорлық жасағандығы немесе ондай мәліметтердің болмауы, құқық бұзушылық бойынша соттылығы туралы анықтаманы ұсынуына мониторинг жүргізу	Ағымды жыл ішінде	Жайкова А
4	Мемлекеттік сатып алу бойынша жоспарын кәсіпорынның <b>teatr-musrepov.kz</b> интернет-ресурсында уақтылы орналастыруды қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілдерінің заңдылығына	Ағымды жыл ішінде	Айтбаева Г Қажымұқан Д.Қ.

	бақылау жүргізу.		
5	Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау мерзімдерін бақылау және мониторингті жүзеге асыру. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментіне жұмыстар бойынша тоқсан сайын есеп беру	Ағымды жыл ішінде	Бағдат А Қажымұқан Д.К.
6	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің өкілдерімен семинар ұйымдастыру	Ағымды жыл ішінде	Қажымұқан Д.К.
7	Кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг бойынша Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігіне тоқсан сайын ақпарат беру	Ағымды жыл ішінде	Қажымұқан Д.К.
8	Директор және оның орынбасарларының, қызметкерлерінің кіріс декларациясын тапсыруын ұйымдастыру және бақылау	Наурыз Қыркүйек айлары	Жаикова А
9	Бюджеттік қаражаттың мақсатты және тиімді жұмсалудың камтамасыз ету	Ағымды жыл ішінде	Әмірхан Б
10	Кәсіпорын мүлігіне түгендеу жүргізу	Ағымды жыл ішінде	Әмірхан Б
11	Азаматтық қызметкерлер арасында, бөлімдерде мүдделер қақтығысына жол	Ағымды жыл ішінде	Жұмыс тобы



	бермеу		
12	Кәсіпорын қызметкерлерінің оған жүгінудің барлық жағдайлары туралы қандай да бір адамдарды оны сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға көндіру мақсатында, мүдделер қақтығысының туындауы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы өзінің тікелей басшысын хабардар етуі	Ағымды жыл ішінде	Кәсіпорынның барлық қызметкерлері

Директор



Т. Есеналиев

**"Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыс тобын құру туралы"**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңының 5-бабын және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 18 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының талаптарын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін мынадай құрамда жұмыс тобын құрылсын:

**Жұмыс тобының төрағасы :**

Нүсіпәлі Ұ. Ә. директорының орынбасары

**Жұмыс тобының мүшелері :**

Саржанова З.Ш. - шаруашылық ісі бойынша бөлім басшысы

Каппарова Ф.Е. - бас экономист

Әмірхан Б. - бас бухгалтер


Қажымұқан Д.Қ. – заңгер

Жаикова А.М. – кадр бөлімінің басшысы

Бағдат А - референт

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың уақтылы және сапалы жүргізілуіне жауапкершілік директорының орынбасары Ұ. Ә. Нүсіпәліге жүктелсін.

Директор



Т. Есеналиев